



Haileybury Almaty

Тіл және екінші тіл ретіндегі ағылшын тілі (EAL) туралы ереже

Күшіне енетін күн:

2023 жылдың мамыры

Қайта қарау күні:

2025 жылдың мамыры

КІРІСПЕ

Мәтінмен және анықтамалар

Haileybury Almaty тәуелсіз халықаралық мектеп қауымдастығы - әр түрлі мәдени және тілдік дәстүрлерді қалыптастырған жанды және алуан түрлі орта. Оқушылардың көпшілігі - орыс тілінде ана тіліндей сөйлейтін қазақтар.

Haileybury Almaty оқушылардың көп бөлігі ағылшын тілінде екінші тіліндейсөйлейтінін және мектепте оқу барысында оларға оқу бағдарламасын түсіну үшін әртүрлі дәрежедегі қолдау қажет екенін мойындайды.

Осы ереже мақсаттары үшін «екінші тіл ретіндегі ағылшын тілі (EAL)» деген термин келесі оқушыларды сипаттау үшін пайдаланылады:

- ағылшын тілін меңгеру мен дамытудың бастапқы сатысында тұрғандар және қарқынды тілдік оқытуды қажет ететіндер
- тілдік қабілеттерін дамытып жатқан және кәсіби деңгейге жету үшін қолдау қажет ететін оқушылар (тілде еркін сөйлесе алса да)
- ағылшын тілін жақсы меңгергенімен, бай сөздік қорын дамыту және жоғары деңгейде үйрену үшін көмек қажет ететіндер.

Мақсаттар

Haileybury Almaty мақсаты: EAL-ді үйренуде қолдауды қажет ететін оқушылар

- өз-өзіне сенімдерін арттырып, ағылшын тілінің дағдыларын жақсарту керек
- барлық оқу үдерісі бойынша ағылшын тілінде сөйлесу керек
- ағылшын тілі мектеп қызметкерлерімен және сыныптастарымен қарым-қатынас жасаудың негізгі тілі ретінде пайдалану тиіс.
- мектепте және одан тыс жерде барлық тілдер мен мәдениеттерді құрметтеу білу керек.

Негізгі қағидаттар

Haileybury «әр баланың әлеуетін ашады» және бұл мақсатқа жету үшін тиімді тілді қолдауды қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мектеп:

- тілдік қолдауды қажет ететін оқушыларды және қажетті тілдік қолдау көлемін анықтайды
- оқушылардың үлгерімін жүйелі түрде қадағалайды және қажет болған жағдайда қолдау деңгейін анықтайды
- әртүрлі пәндер арқылы ағылшын тілін оқыту үшін оқу бағдарламасының барлық мүмкіндіктерін пайдаланады.
- ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту әрбір мұғалімнің міндеті екенін мойындайды
- тілдік қолдауды қажет ететін барлық оқушылардың мектеп қауымдастығына сіңіп кетуін қамтамасыз етеді

Мектеп ағылшын тілін екінші тіл ретінде үйренуде қолдауды қажет ететін оқушылардың көпшілігінде арнайы білім беру қажеттіліктері (SEND) жоқ екенін мойындайды. Дегенмен, егер SEND мәселесі туындаса, EAL оқушылары үшін SEND және EAL қолдауы әрқашан қолжетімді болады.

Тілдер және білім беру бөлімі

Келесі академиялық қызметкерлер EAL қолдауын қамтамасыз етуге жауапты:

- Тілдер және оқыту бөлімінің басшысы – EAL оқушыларын бақылау мен бағалауды, EAL мамандарын оқытуды, қызметкерлерді қолдау мен оқытуды, құжаттарды жүргізуді, ресурстарды анықтауды және сатып алуды, EAL ережесінің бүкіл мектепке таратылуын және EAL қолдауының қамтамасыз етілуін қадағалайды.
- Ағылшын тілі академиясының үйлестірушісі – жан-жақты қолдауды қажет ететіні анықталған EAL оқушыларына қарқынды қолдау көрсетуді қадағалайды.

- Жоғары мектептегі ағылшын тілі бөлімі – жоғарғы мектептегі EAL оқушыларына оқу бағдарламасын түсіну үшін қажетті дағдылар мен академиялық қабілеттерді дамыту үшін қолдау көрсетеді.
- Бастауыш мектептегі EAL мамандары – тілдік қабілеттерін дамытып жүрген оқушыларға сыныпта және сабақтан тыс уақытта қолдау көрсетеді.

EAL ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Қабылдау және бастапқы бағалау

Оқушыларды қабылдау бөлімінің басшысы EAL оқытудың әлеуетті қажеттіліктері туралы бастапқы деректерді төмендегілердің негізінде жинайды:

- қабылдау туралы өтініштер
- қабылдау емтиханы/CAT4 нәтижелері
- бұрыңғы үлгеру табельдері

Ағылшын академиясының үйлестірушісі тілді қолдау қажеттіліктерінің деңгейін анықтау үшін қарқынды қолдауды қажет ететін 3-8 сынып оқушыларының біліктілік тестін өткізеді. Бірінші тоқсанда EAL қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау үшін келесі ақпарат көздерін пайдалануға болады:

- ішкі диагностика және тексеру парақтары
- MidYIS, Yellis және Alis бағалары (Жоғары мектеп), INCAS бағасы (Бастауыш мектеп)
- Оқушылар жұмысының үлгілері
- Кураторлар, пән мұғалімдерінен және EAL мұғалімдерінен кері байланыс

Ағылшын тілі академиясы

Ағылшын академиясы тіл үйренудің бастапқы деңгейіндегі 3-8 сынып оқушыларына қарқынды қолдау көрсетеді. Олар белгілі бір сабақтардан босатылып, ағылшын тілі бойынша мақсатты сабақтар өтеді. Ағылшын тілі академиясы үйлестірушісі ұсынатын үлгерім есебіне қарай оқушылар тек бірнеше сабақтардан босатылуы мүмкін. Олар бір оқу жылы ішінде қабілеттерін дамытып, оқу бағдарламасын толық түсінуі керек (бірақ олар әлі де сыныпта қолдауды қажет етеді).

Жоғарғы мектеп

7-9 сыныптарда EAL оқушылары мақсатты тілді қолдау мен дамыту үшін ағылшын тілі сабақтарында бірге оқиды.

9 және 10-сыныптарда кейбір EAL оқушылары «IGCSE екінші тіл ретіндегі ағылшын тілі» деген пәнді өтеді. Ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген оқушылар 10-сыныпта «IGCSE ағылшын тілі» және 11-сыныпта «IGCSE ағылшын әдебиеті» пәнін таңдай алады.

IELTS емтиханына дайындық шетел университеттеріне түскісі келетін 12-13 сынып оқушылары үшін де ұсынылады.

Бастауыш мектеп

1-2-сыныптарда EAL мұғалімдері сабақ барысында фонетика және оқумен жұмыс істейді және атаулы қолдау көрсету үшін оқушыларды тұрақты негізде сабақтан шығарады.

3-6 сыныптарда EAL мұғалімдері сабақ барысында оқу және жазу дағдыларымен жұмыс істейді, сондай-ақ қажет болған жағдайда оқушыларды сабақтан босатады.

Дәстүрлі сабақтарға қатыстыру

Ағылшын тілі оқу үдерісінде қолданылып, үйренілетінін түсінеміз. EAL оқушылары ауызша

ағылшын тілін тез меңгере алады. Дегенмен, оларды дәстүрлі сабақтарға қатыстыру үшін, қажетті академиялық тілді қолдану үшін әлі де білімі жетіспейтінін атап өткен жөн.

Академиялық ағылшын тілін меңгеру үшін 8 жылға дейін қажет. Сондықтан тілді барлық төрт тілдік дағдыларды (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) пайдалана отырып, оқу уақыты бойынша дамытып отыру қажет.

EAL оқушылары үшін төрт дағдының бір-біріне байланысты екенін жақсы түсіну керек, осылайша бір дағды бойынша жұмыс істеу оқу бағдарламасын түсіну және тілдік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Оқу бағдарламасын түсіну және тілдік қабілеттерді дамыту үшін:

- белгілі бір пән бойынша глоссарийді нақты және контекстік түрде беру
- академиялық тілдің қасиеттерін нақты түсінуді қамтамасыз ету мысалы, грамматикалық құрылымдар мен тұтас мәтіндерді құру тәсілдері
- кейбір қиындықтар тудыратын материалдарға қолдау көрсету (мысалы, идиомалар, техникалық немесе кез келген нақты мәтіндер және жоспарларда осындай тармақтарды көрсету) керек

EAL оқыту әрбір қызметкердің жауапкершілігі болып табылады. Барлық мұғалімдер сабақтарды оқушыларды тілді үйренуге ынталандыратындай етіп және EAL оқушыларының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырайтын етіп дұрыс ұйымдастыруы керек.

EAL оқушыларының оқытуды тиімді жоспарлау:

- әртүрлі аудиториялар мен мақсаттарды қоса алғанда, әртүрлі тіл тәжірибесін қамтамасыз етеді
- тиімді өзара әрекеттесу үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді
- әртүрлі мақсаттар үшін EAL оқу қажеттіліктерін ескереді
- EAL оқушыларына естігендерін түсіну және оған ауызша не жазбаша түрде жауап беру үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етеді.
- қосымша қызметкерлерді пайдалануды қамтамасыз етеді
- прогресті бақылау үшін үлкен мақсаттың бөлігі ретінде қысқа мерзімді мақсаттарды қояды
- оқушылардың ағылшын және басқа тілдер бойынша бар білімдерін кеңейте отырып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және олардың өзіне деген сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
- қажет кезде ICT пайдалануды қамтамасыз етеді

Тыңдалым және айтылым жаттығулары келесі жағдайларда тиімді болады:

- тілдің негізгі компоненттері (сөздік және құрылымдар) сабақты жоспарлау кезінде анықталса.
- әңгіме көрнекіліктермен және қажетті мысалдармен сүйемелденсе
- мақсатты өзара әрекеттесу жоспарланса
- оқушылар ағылшын тілін қолдануы туралы үнемі тиісті кері байланыс алып отырса
- белгілі бір тілді модельдеу және түсіну деңгейін бақылау үшін құрылымдық сұрақ-жауап сессиялары пайдаланылса

Оқылым және жазылым жаттығулары келесі жағдайларда тиімді болады:

- жазу алдында балаларға ойланып, өз пікірін айтуға мүмкіндік берілсе
- жазбаша жұмыстың мақсаты мен тапсырмадан күтілетін нәтиже түсіндірілсе

- талап етілетін жазба жұмыстың нысаны мен стилі терең талқыланса, сараланған және құрылымдық қолдау көрсетілсе, мысалы, жазу үлгілері
- жазба жұмысын бағалау кезінде шығарманың тілдік-семантикалық мазмұны жан-жақты қарастырылса
- оқушылар оқығанын түсіне алса.
- рөлдік ойын және көрнекілік сияқты ағылшын тілінде жазуға мүмкіндіктер мен қолдау көрсетілсе.

Портфолио жүргізу және жоғары үлгерім критерийлері

Тілдер және оқыту бөлімінің басшысы, ағылшын академиясының үйлестірушісі, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері EAL оқушыларына портфолио жүргізеді. Бұл портфолиоларды мектептің басқа да қызметкерлері қолдана алады.

Оқушы портфолиосында келесі ақпарат келтіріледі:

- басқа сабақтар
- қолданылатын тілдер
- басқа сабақтардан босату
- басқа тілдерді меңгеру деңгейі
- бағалау
- тілді жетілдіру бойынша жылдық есеп

Бағалауды EAL мамандары жүргізеді, Тілдер және оқыту бөлімінің басшысы үлгерімді қадағалайды және әр тоқсан сайын тілді одан әрі қолдау қажеттілігін анықтайды.

Оқушылардың үлгерімі мен жетістіктері әрбір балаға қолдау көрсету деңгейіндегі өзгерістерді ескере отырып бағаланады. Бағалау мыналарға негізделеді:

- ішкі және сыртқы бақылаудағы жетістіктер
 - формативті бақылауды EAL мамандары мен пән мұғалімдері жүргізеді
 - жұмыс үлгілері
 - үлгері бойынша есептер
 - өзін-өзі бағалау

Қызметкерлерді қолдау және тренингтер

Қызметкерлерге қолдау көрсетіледі, олар оқытудан өтеді:

- EAL оқушыларымен жұмыс, TESMC сыртқы тренингі
- Жоғары және Бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған INSET тренингі
- EAL мамандары мен тілдер және оқыту бөлімінің басшысы ұсынған кеңес пен қолдау